

**Ресми рецензент Ақбарқан Д.**

**«6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сеитова Гаухар Аманжоловнаның «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы және ғылымды дамытудың басым бағыттарына, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазақстандық ғылымға, оның ішінде шеттілдік білім беру бағытының дамуына елеулі үлес қосады. Бұл диссертациялық жұмыста берілген мәселелер алғаш рет отандық ғылымдағы талдау ретінде ұсынылғандығына байланысты маңыздылығы айқындалады. Себебі, қытай тілін шетел тілі ретінде ЖОО-да оқытудың теориялық негізін айқындау барысында алғаш рет С.С.Кунанбаеваның әдіснамалық ғылыми мектебінің контекстінде қытай тілін техникалық мамандықтар студенттеріне оқытуудың құзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған және кәсіби-бағытталған тәсілдері түргысынан ғылыми-әдістемелік негізі құрастырылды. Техникалық

			мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі құрастырылды. Жағдаяттық тапсырмаға бағытталған оқыту, іскерлік рөлдік ойындар технологиясын қолдануға әзірленген жаттығулар топтамасы әзірленді. Берілген құзыреттілікті қалыптастырудың өлшегіштері ретінде критерийлер мен дескрипторлар нақтыланды. Жұмыстың маңыздылығы жақсы ашылған: жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы толық қамтылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Жұмыстың өзіндік ерекшелігі мен ғылыми жаңашылдығы зерттеу дербестігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Диссертация жазу барысында ғылыми нәтижелерге қол жеткізу үшін автор тақырыпқа қажетті материалдарды жинақтап, жүйелеп, ғылыми талдаулар жасаған. Алдыға қойған мақсатқа жету үшін техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін әзірлеген және оны тәжірибелі-эксперименттік жұмыс арқылы аprobациядан өткізіп, тиімділігін дәлелдеген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Ішкі бірлігі сақталған. Қытай тілінің әлемде таралу қарқыны мен оқу қажеттілігінің экономикалық түрғыда маңыздылығы отандастарымыз үшін айқын. ҚХР-дың іргелес көрші, экономикамыздың басты инвесторларының бірі, аймақтарда жұмыс беруші компанияларының болуы қытай тілін сұранысқа сай кәсіби түрғыда меңгеру өзектілігін көрсетеді. Ізденуші зерттеу жұмысында қытай тілін техникалық сала мамандары үшін қытай тілінде кәсіби қарым-қатынасқа түсудің сатылы әдістемелік моделін құрастырған. Алынған нәтижелер бір-бірімен жүйелі байланыста қарастырылып, өзара сабактастық сипаттарын берік сақтаған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды <b>1) айқындауды;</b> 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның мазмұны тақырыппен толықтай сәйкес және диссертацияда көтерілген мәселе бойынша сұрақтар қарастырылған. Жұмыс логикалық өзара байланысы бар кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

		<p>Диссертациялық жұмыстың «Техникалық мамандықтар студенттеріне арналған шеттілдік білім берудің алғышарттары» деп аталатын бірінші тарауында педагогика, шығыстану бойынша әдебиеттерге талдау жасалынды, зерттеліп отырған тақырып асында «кәсіби-бағытталған» және «құзыреттілік» санаттарын сәйкестендіруге, қытай тілін жоғары оқу орындарында оқытудың отандық және шеттілдік тәжірибесі сараланды. «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігі» ұғымын тұжырымдауға, қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің құрылымы мен мазмұнын анықтауға, құрамдас бөліктерін сипаттауға мүмкіндік берді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың «Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесі» деп аталатын екінші тарауында қытай тілін тілдік емес университеттерде оқытудың теориялық негіздері анықталды, техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді және техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру технологиясы ұсынылды.</p> <p>Диссертацияның «Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың қолданбалы аспектілері» деп аталатын үшінші тарауында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау, жүйелеу және жинақтау жүргізілді. Зерттеу болжамын растау деңгейі жүргізілді, зерттеудің негізгі ережелері мен қорытындылары тұжырымдалды, нақтыланды және диссертацияның қолжазбасы рәсімделді.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>1) сәйкес келеді;</b></li> <li><b>2) жартылай сәйкес келеді;</b></li> <li><b>3) сәйкес келмейді</b></li> </ol> <p>Диссертацияның мақсат-міндеттері оның тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант зерттеу жұмысы барысында алға қойылған мақсат-міндеттерді толық көлемде орындаған, ол зерттеудің нәтижесі мен тұжырымдарынан да көрінеді.</p> <p>Зерттеу тақырыбының мақсаты: техникалық мамандықтар</p>
--	--	--

		<p>студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудагы ғылыми-әдіstemелік негіздерді айқындау, әдіstemелік үлгісін жасау және оны эксперименттік аprobациядан өткізу.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Техникалық мамандықтар студенттеріне арналған қытай тілі бойынша шеттілдік білім берудің генезисін анықтау барысында ЖОО-да қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне сараптама жасап, шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдіstemелік негіздерін анықтау;</li> <li>2. Заманауи шеттілдік білім беру парадигмасы контекстінде техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық-әдіsnамалық базасын анықтау;</li> <li>3. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдіstemелік моделін әзірлеу;</li> <li>4. Техникалық бейіндегі «Мұнай-газ іci» мамандығы студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдіstemелік моделінің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.</li> </ol> <p><b>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</b></p> <p><b>1) толық байланысқан;</b>  <b>2) жартылай байланысқан;</b>  <b>3) байланыс жоқ</b></p> <p><b>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</b></p> <p><b>1) сынни талдау бар;</b>  <b>2) талдау жартылай жүргізілген;</b></p>	<p>студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудагы ғылыми-әдіstemелік негіздерді айқындау, әдіstemелік үлгісін жасау және оны эксперименттік аprobациядан өткізу.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Техникалық мамандықтар студенттеріне арналған қытай тілі бойынша шеттілдік білім берудің генезисін анықтау барысында ЖОО-да қытай тілін оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне сараптама жасап, шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдіstemелік негіздерін анықтау;</li> <li>2. Заманауи шеттілдік білім беру парадигмасы контекстінде техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық-әдіsnамалық базасын анықтау;</li> <li>3. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдіstemелік моделін әзірлеу;</li> <li>4. Техникалық бейіндегі «Мұнай-газ іci» мамандығы студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдіstemелік моделінің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.</li> </ol> <p><b>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы теориялық-практикалық ерекшеліктерін қамту, ойдың жалғастығы, жалпыдан жалқы аспектілерді талдау арқылы логикалық тұрғыда тығыз байланысқан. Материал ауқымды болғанымен, диссертацияның ішкі тұластығы мен өзара байланысы сақталған.</b></p> <p><b>Диссертант қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдеріндегі әдебиет пен дереккөзге талдау жасаған және салыстыра отырып бағалаған. Автор рецензияланған журналдардагы, халықаралық конференциялардағы, монографиялардагы, талдау баяндамаларындағы тақырып бойынша жарияланымдарды, алдыңғы диссертация жұмыстарын сынни тұрғыда талдап, объективті қырынан қарастыруға тырысқан.</b></p>
--	--	---	--

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деп есептеймін. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің шынайылық дәрежесі дерек материалдарының көп қырлы, толық және көлемді, зерттеудің концептуалдық түрғыдан ғылыми негізделген, жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің айқын болуымен анықталады. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін құрамдық субқұзыреттіліктер арқылы қалыптастыру аспектілерінің барлығы диссертацияның ғылыми жаңалығын көрсетеді.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	Диссертацияның тұжырымдары зерттеу нәтижелерін жан-жақты талдауға негізделген. Сонымен қатар, тұжырымдалған тұжырымдар, қорытындылары тек өзінің зерттеу нәтижелеріне қатысты және толығымен жаңа.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	Рецензиялық жұмыста берілген бағалау критерийлері қолданылмайды. Диссертация гуманитарлық пәндер бағытында орындалған және техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару шешімдерін мақсат етпейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</b>	Диссертация бойынша жалпы саны – 11 ғылыми мақалалар: олардың біреуі Scopus деректер базасына енгізілген журналда, бесеуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, бір мақала шетелдік басылымда, бір мақала отандық ғылыми журналда, және халықаралық конференциялар материалдарында үш мақала жарық көрген.

7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p><b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><b>3) кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p>	<p><b>Бірінші қағидат:</b></p> <p>7.1 Қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыру үшін қытай тілін шетел тілі ретінде ЖОО-да оқытудың отандық және шетелдік тәжірибесіне жүргізілген сараптама шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасы талаптарына сай қажеттіліктерді анықтады. Студенттер бойында қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің қалыптасуы оқшауланған тілдің лингвистикалық және экстрагравитикалық ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ маманың лингвистикалық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктері кәсіби қарым-қатынасының нәтижелі болуына әсер етеді.</p> <p>Бұл қағидат қытай тілі бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді сараптау және қытай тілін кәсіби бағытта оқытудың шарттарын анықтау негізінде дәлелденді.</p> <p><b>7.2 Тривиалды емес.</b></p> <p>7.3 Алынған нәтиже басқа да зерттеулерде қарастырылғандықтан жартылай жаңа болып табылады.</p> <p><b>7.4 Қолдану деңгейі кең.</b></p> <p>7.5 Келесі мақалада дәлелденген: Тілдік емес мамандықтарда шеттілдік білім берудің тарихи генезисі. Қазақстан педагогика ғылымдары академиясы хабаршысы. №2 (наурыз-сәуір), 2020 жыл, 53-62 бб.</p> <p><b>Екінші қағидат:</b></p> <p>7.1 Шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасының мақсатты негізі ретінде ұсынылған құзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған және кәсіби-бағытталған тәсілдер және көрнекілік, білім алушылардың жекелеген тұлғалық қажеттіліктерін ескеру, әлеуетті жұмыс берушілерінің мұдделерін ескеру, коммуникативтік, функционалдық, аутентивтік принциптер техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесі мен теориясын әзірлеу мен жетілдіруде түжырымдамалық-әдіснамалық базисі болды.</p>
----	--	--	--

Бұл қағидат техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің теориясын әзірлеу мен жетілдіру үшін шеттілдік білім беруде ұсынылған тәсілдер мен принциптерді саралау арқылы дәлелденді.

**7.2 Тривиалды емес.**

7.3 Жартылай жаңа болып табылады, себебі қытай тілін оқыту әдістемесі мәселесі басқа авторлар зерттеулерінде де қарастырылған.

**7.4 Қолдану деңгейі кең.**

7.5 Келесі мақалада дәлелденген – Техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік білім берудің алғышарттары. SSN 2073-333X Международный научный журнал Қазақстанның ғылымы мен өмірі.6/1 2020,394-400 бб.

**Үшінші қағидат:**

7.1 Техникалық мамандықтар студенттеріне қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделі мақсат пен міндепті, нысандары, білім беру мазмұны, оқыту әдістері мен құралдарын, бағалау инструментарийді кезең-кезеңімен енгізе отырып, әдістемелік жұмыстың функционалдық-мазмұндық құрылымын білдіреді.

Бұл қағидат қытай тілі бойынша берілген құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделін құрастыру негізінде дәлелденді.

**7.2 Тривиалды емес.**

7.3 Алынған нәтиже жаңа болып табылады.

**7.4 Қолдану деңгейі кең.**

7.5 Келесі мақалада дәлелденген –The Formation of a Foreign Language Professionally-Oriented Competence among Students of Technical Specialties in the Chinese Language. International Journal of Society, Culture & Language, 9(2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries)), 137-150.

**Төртінші қағидат:**

7.1 Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленген әдістемелік моделдің тиімділігі кәсіби қарым-қатынасты

			<p>іскерлік жанрлар мен формалары арқылы жүзеге асыруға септігін тигізетін шағын іскерлік рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар технологиясы негізіндегі жаттығулар топтамасын пайдаланумен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы расталды.</p> <p>Бұл қағидат ұсынылған әдістемелік моделдің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру арқылы дәлелденді.</p> <p><b>7.2 Тривиалды емес.</b></p> <p><b>7.3 Алынған нәтиже жаңа болып табылады.</b></p> <p><b>7.4 Қолдану деңгейі кең.</b></p> <p><b>7.5 Келесі мақалада дәлелденген –</b>Forming a professionally oriented competence in Chinese in students of non-linguistic professions. Revista EntreLinguas, 7(esp.2), e021010. <a href="https://doi.org/10.29051/el.v7iesp.2.15136">https://doi.org/10.29051/el.v7iesp.2.15136</a></p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b></p>	<p>Ия. Зерттеу әдістемесінің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстың сәйкесінше бөлімінде сипатталған. Диссертацияда қолданылған зерттеу әдістері заманауи және ғылымда кең қолданыстағы әдістер болып табылады.</p> <p>әдіснама нақты жазылған. Шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасының мақсатты негізі ретінде ұсынылған құзыреттілік, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған және кәсіби-бағытталған тәсілдер жұмыстың әдіснамалық негізі.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b></p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Жұмыста ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы талдау, жүйелеу, сараптау, концептуалдық тәсілдері пайдаланады.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара</p>	<p>Ия. Ізденуші қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру модельді тәжірибелік-эксперимент</p>

		<p>байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p>	<p>арқылы раstadtы. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қытай тілі бойынша жалғастыруши деңгей студенттеріне жүргіzlді және зерттеу болжамын раstadtы.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p><b>Расталған.</b> Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b></p>	<p><b>Жеткілікті.</b> Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 190 әдебиет өндөлген, яғни шолуға жеткілікті болып табылады. Алынған ақпарат зерттеуді жоспарлау барысында және алынған нәтижелерді талқылау барысында қолданылды.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p><b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p>	<p>Зерттеудің теориялық маңызы бар. Диссертация жұмысының теориялық маңыздылығы, оның нәтижелерінің шеттілдік білім беру әдістемесінде, техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру моделі мен жолдарын нақты көрсеткен.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолану мүмкіндігі жоғары. Соның ішінде:</p> <p>- қытай тілі бойынша техника саласы бойынша кәсіби оқытуға және оқу жоспарларын құру үшін жаңа оқыту материалын ақпараттық технологиялар қолданысымен түсіндіру, жоба, тапсырмалар, бағытталған оқыту, проблемалық жағдаяттық тапсырмалар, іскерлік ойындар түрінде жаңа интерактивті технологиялар жүйесі ұсынылды.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p>	<p>Практикалық ұсыныстар маңыздылығы толығымен жаңа болып табылды. Себебі «Кәсіби қытай тілі (мұнай-газ ісі теримдері)» атты оқу құралы әзірленіп, оқу үрдісіне енгізілді.</p>

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, ізденуші ғылыми стиЛЬ ерекшеліктерін сақтаған, талдау өз тарапынан қорытындылаумен жалғасқан.

#### ШЕШІМ:

1 Зерттеу жұмысында ізденуші қытай тілін оқытудың ғылыми жағына тереңірек назар аударғанда студенттердің шет тілін жан-жақты дамытуға ықпал етуі, оқытушының қытай тілін оқытуға бағыт-бағдар беруде маңыздылығы арта түсер еді.

2 Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сейтова Гаухар Аманжоловнаның «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және «Дәрежелерді беру қағидаларына» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың авторы «6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.

#### Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университеті,  
Қытай филологиясы  
кафедрасының менгерушісі,  
философия докторы (PhD)

dauletakbarkan@mail.ru

*Дархан*



07.03.2024 жыл